


ISSN: 2958-5376  
ISSN-L: 2958-5376

# MUSEUM.KZ



ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ • НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ • SCIENTIFIC AND PRACTICAL JOURNAL

3(7)2024



ӘОЖ 372.893

## БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН АРТТЫРУ МАҚСАТАНДА МУЗЕЙДЕ ТАРИХ САБАҚТАРЫН ӨТКІЗУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

*А.Ж. Архыматаева, А.Т. Кайыпбаева*

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы  
(Қазақстан)

**Андатпа.** Музей педагогикалық жағдайларда оқытудың бір бөлігі болып табылатын таным процесін қамтамасыз ету құралы ретінде әрекет ете алады. Мақалада музейдің тарих сабақтары бойынша білім беру әлеуетін іске асыру түрлері қарастырылады. Біріншіден, музей сыныптан тыс жұмыстар аясында білім беру ұйымдарының оқу пәндері бойынша оқу сабақтарын өткізуге арналған алаң. Білім алушылар музейге оқу пәні бойынша білімдерін тереңдету мақсатында келеді. Екіншіден, музей түрлі фактілерді, құбылыстарды, оқиғаларды зерттеуде жәдігерлік көрнекі құралдар қызметін атқара отырып, жалпы орта білім беретін мектептерде тарих пәндерін оқытуда оқу-әдістемелік әлеуетке ие. Бұл ұстанымнан музей оқу құралы ретінде әрекет етеді. Мақалада орта білім беру ұйымдары мұғалімдеріне теориялық білімді практикамен ұштастыру мақсатында тарих пәндерінен тақырыптық сабақтарды музейлерде және тарихи орындарда өткізуді ұйымдастыру бойынша ұсыныстар жазылған.

Мақалада музей сабақтарын өткізудің маңыздылығы қарастырылып, музейлік сабақтарда музей жәдігерлерікөрнекі құрал ретінде емес, зерттеу көзі ретінде қарастырылу қажеттігінің маңыздылығы баяндалған. Қазақ халқының ұмыт болған тарихындағы асыл мұраларын келер ұрпақтың жадында жаңғыртатын, санада ұлтжандылық ұялататын және ел тарихын әлемге танытатын механизмнің бірі – музей болып табылады. Сондықтан мұндай музейлік сабақтар білім беру бағытында білім алушылардың өз елі, жері, мәдени ескерткіштері туралы алған білімдерін бекітіп, тереңдетуге септігін тигізеді. Музейлік сабақтар білім алушыларға өте қызықты, себебі музей қоғамдық өмірдің белсенді элементі ретіндегі әлеуметтік институт.

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Мақала жазу барысында орта білім беруге қатысты нормативтік құжаттар зерделенді. Мақаланы жазуда тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жалпы орта арнаулы және орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары басшылыққа алынды. Сонымен қатар салыстыру, дерек көздеріне талдау жасау және т.б. сияқты жалпылама әдістер қолданылды.

**Кілт сөздер:** білім беру, музей, музейдегі сабақ, тарихи жәдігерлер, тарихи сана.

**Сілтеме жасау үшін:** Архыматаева А.Ж., Кайыпбаева А.Т. Білім беру сапасын арттыру мақсатында музейде тарих сабақтарын өткізуді ұйымдастыру // MUSEUM.KZ. 2024. №3 (7), 103-110 бб. DOI 10.59103/muzkz.2024.07.13

## ОРГАНИЗАЦИЯ УРОКОВ ИСТОРИИ В МУЗЕЕ С ЦЕЛЮ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАНИЯ

*А.Ж. Архыматаева, А.Т. Кайыпбаева*

Национальная академия образования имени Ы. Алтынсарина  
(Казахстан)

**Аннотация.** Музей может выступать средством обеспечения познавательного процесса, являющегося частью обучения в педагогических ситуациях. В статье рассматриваются виды реализации образовательного потенциала музея на уроках истории. Прежде всего, музей – это место проведения учебных занятий по учебной тематике



образовательных организаций в рамках внеклассной работы. Студенты приходят в музей, чтобы углубить свои знания по предмету. Во-вторых, музей, выступая историческим наглядным инструментом изучения различных фактов, явлений, событий, обладает учебно-методическим потенциалом при преподавании предметов истории в общеобразовательной школе. С этой точки зрения музей выступает как образовательный инструмент. В статье написаны рекомендации преподавателям организаций среднего образования по организации тематических занятий по предметам истории в музеях и исторических местах с целью совмещения теоретических знаний с практикой.

В статье рассматривается важность проведения музейных занятий, а также важность рассмотрения музейных экспонатов как источника исследования, а не как визуального инструмента на музейных занятиях. Музей является одним из механизмов, возрождающих драгоценное наследие забытой истории казахского народа в памяти следующих поколений, вселяющих национализм в сознание и знакомящих мир с историей страны. Поэтому подобные музейные уроки способствуют укреплению и углублению знаний учащихся о своей стране, земле, памятниках культуры по направлению образования. Музейные занятия очень интересны для студентов, ведь музей – это социальный институт, как активный элемент общественной жизни.

**Материалы и методы исследования.** В ходе написания статьи были изучены нормативные документы, касающиеся среднего образования. При написании статьи в соответствии с законодательством Республики Казахстан об охране и использовании объектов историко-культурного наследия руководствовались государственными обязательными стандартами общего среднего специального и после специального среднего образования. Также использовались такие обобщенные методы, как сравнение, анализ источников данных и т.д.

**Ключевые слова:** образование, музей, уроки в музее, исторические артефакты, историческое сознание.

**Для цитирования:** Архыматаева А.Ж., Кайыпбаева А.Т. Организация уроков истории в музее с целью повышения качества образования // MUSEUM.KZ. 2024. №3 (7), С. 103-110. DOI 10.59103/muzkz.2024.07.13

## ORGANIZING HISTORY LESSONS IN A MUSEUM TO IMPROVE THE QUALITY OF EDUCATION

*A.Zh. Arkhymataeva, A.T. Kayypbaeva*

National Academy of Education named after Y. Altynsarin  
(Kazakhstan)

**Abstract.** A museum can act as a means of ensuring the cognitive process, which is part of learning in pedagogical situations. The article discusses the types of implementation of the educational potential of the museum in history lessons. First of all, a museum is a place for conducting educational classes on the academic topics of educational organizations as part of extracurricular activities. Students come to the museum to deepen their knowledge of the subject. Secondly, a museum, acting as a historical visual tool for studying various facts, phenomena, events, has educational and methodological potential when teaching history subjects in a comprehensive school. From this point of view, a museum acts as an educational tool. The article provides recommendations for teachers of secondary education organizations on organizing thematic classes on history subjects in museums and historical sites in order to combine theoretical knowledge with practice.

The article discusses the importance of holding museum classes, as well as the importance of considering museum exhibits as a source of research, and not as a visual tool in museum classes. A museum is one of the mechanisms that revive the precious heritage of the forgotten history of

the Kazakh people in the memory of future generations, instilling nationalism in the minds and introducing the world to the history of the country. Therefore, such museum lessons help to strengthen and deepen students' knowledge of their country, place, cultural monuments in the field of education. Museum lessons are very interesting for students, because a museum is a social institution, as an active element of public life.

**Materials and methods of the research.** In the course of writing the article, regulatory documents concerning secondary education were studied. When writing the article in accordance with the legislation of the Republic of Kazakhstan on the protection and use of historical and cultural heritage sites, state mandatory standards of general secondary specialized and post-special secondary education were used. Generalized methods such as comparison, analysis of data sources, etc. were also used.

**Keywords:** education, museum, lessons in the museum, historical artifacts, historical consciousness.

**For citation:** Arkhymataeva A.Zh., Kayypbaeva A.T. Organizing history lessons in a museum to improve the quality of education // MUSEUM.KZ. 2024. №3 (7), pp. 103-110. DOI 10.59103/muzkz.2024.07.13

**Кіріспе.** Білім берудегі жаңашылдық педагогке сапалы жаңа міндеттер қояды: ақпаратты беру ғана емес, сонымен бірге білім алушыны тікелей ізденуге және жасампаздыққа бағыттайды. Заманауи технологиялардың жедел дамуымен қатар қазіргі сабаққа қойылатын талап пен сабақтың формасы да өзгерді.

Қазіргі білім алушы үшін бүкіл әлем ашық: Интернет, қашықтықтан оқыту, көптеген мультимедиялық құралдар – мұның бәрі білім интеграциясын кеңейтеді. Дәстүр бойынша, тарих пәні мұғалімдері музейге белгілі бір тақырыптарды зерттеу мен зерделеу бойынша білім алушыларды экскурсияға сыныптан тыс жұмыста апаратын. Алайда экскурсия білім алушылардың білім қажеттіліктерін толық қанағаттандыра алмайды. Сондықтан тарих пәндері бойынша білім беру сапасын арттыру және теориялық білімді практикамен сабақтастыру үшін музейлерде және тарихи орындарда тарих сабақтарын өткізуді тиімді ұйымдастырудың өзектілігі артып отыр.

Қарастырылып отырған музей сабағы білім алушының бойында өзін-өзі дамытуды, ұлтжандылықты, өз елінің патриоты болуды, мәдени мұраны сақтаудың оқу үрдісіндегі маңызды мақсатын орындайды. Оқу үрдісінде тарих пәндерінен музей сабақтарын өткізу тарихи білім берудің негізгі компоненті ретінде еліміздің бірнеше өңірлерінде өткізілуде. Мәселен, Астана қаласының әдістемелік орталығы ҚР Мемлекеттік орталық музейімен бірігіп Қазақстан тарихы пәнінен музей сабақтарын арнайы кестемен өткізген болатын. Сондай-ақ, бұл бастама басқа өңірлерде де қолға алынуда.

**Талқылау.** Бүгінгі таңда музей сабақтары білім беру және ағартушылық бағытта кең қолданысқа ие. Музейлік сабақтар дәстүрлі сабақтардан ерекшелігі тарих пен мәдениеттің ескерткіштері мен жәдігерлерін зерттеу көзі етіп пайдалана отырып, білім алушылардың білімдерін музей экспозициясы негізінде тереңдету болып табылады. Ол мектеп музейінде де, мектеп орналасқан мемориалдық кешеннің аумағында да, аудандық музей мен өңірлік ашық аспан астындағы музейлерге, тарихи орындарға бару арқылы да өткізілуі мүмкін.

Елімізде Ұлттық, республикалық, облыстық, қалалық және аудандық мәртебедегі музейлермен қатар республикалық немесе жергілікті маңызы бар тарихи-мәдени мұра объектілері тарих және мәдениет ескерткіштері мемлекет тарапынан қорғау қолға алынған [Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы Қазақстан Республикасының Заңы, 2019: 26 желтоқсан №288-VI ҚРЗ].

Қазақстан республикасындағы музейлер аясы 2000 жылдардың басындағы кезеңмен салыстырғанда бүгінгі таңда әлдеқайда кеңейген. Аталған жылдары республикалық маңызы бар музейлер – 13, мекемелік музейлер – 5, облыстық музейлер – 25, қалалық музейлер – 31, аудандық музейлер – 47, қорық музейлер – 7 болған. Қазіргі қоғамдық

өзгерістерге байланысты музейлерге сұраныс өсуде. Жаңадан ашылып жатқан музейлердің мазмұндық деңгейі мен құрылымдық жүйесі өзгеше. Оларға ашық аспан аясындағы қорық-музейлер, экомузейлер, саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған музейлер, Президент музейі, қоғамдық немесе антропологиялық музейлер жатады.

Ашық аспан аясында Қ.А. Яссауи кесенесі және Тамғалы археологиялық петроглифтері Бүкіләлемдік Мәдени мұра тізіміне енді. Тәуелсіздік алғаннан бері елімізде жүріп жатқан күрделі, қарама-қайшылығы мол мәдени үрдістер қарқыны мәдени-ағарту мекемелері жүйесіндегі музейлердің жұмысынан айқын көрініс табуда. Бүгінгі таңда Қазақстанның шамамен 200-ден астам музейлерінің коллекциялар қорын 2,5 миллионнан астам заттай деректер құрайды. Республикамыздың әрбір облысындағы жұмыс жүргізетін: облыстық, қалалық, аудандық, мекемелік музейлер – қор, экспозиция, экскурсия және түрлі тақырыптарда көрме ұйымдастыру жұмыстарын жүргізіп келеді.

Аумақтық тарихи-мәдени жүйе ретінде өңірлік музей желілерін (ашық аспан астындағы экспозициялармен) құру – өзекті пәнаралық міндет болып табылады. Мұндай желілік арнайы порталдарда музей сайттары білім алушыларға қолжетімді [Кузьмина, 1990: 4].

Қазіргі кезде елімізде музей – ғылымның, білімнің, мәдениеттің қалыптасуына ықпал ететін ғылыми-танымдық бағытта қызмет атқаратын өз алдына дербес мекеме. Музей заттық және рухани құндылықтарды танытуда, ғылыми тұрғыда зерттеп, оның нәтижелерін насихаттауда, осы негізде тәлім- тәрбие беруде маңызды рөл атқарады.

Музей заттары мен музей коллекцияларын сақтау, зерделеу және көпшілікке көрсету үшін құрылған. Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұрасын кеңінен танытуды қамтамасыз етуге арналған мәдениет ұйымдары музейлер болып табылады. Мәдениет туралы заңнамаларға сәйкес Қазақстан республикасының аумағында әртүрлі бейіндегі музейлер, оның ішінде музей-қорықтар мен жеке коллекциялар музейлері құрылуы мүмкін [Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы Қазақстан Республикасының Заңы, 2019: 26 желтоқсан №288-VI ҚРЗ]. Осы заңнамаларға сәйкес музей заттары мен музей коллекциялары музей қорының құрамына енгізілген және Қазақстан республикасы халқының мәдени мұрасының ажырамас бөлігі болып табылады [Мәдениет туралы Қазақстан Республикасының Заңы, 2006: 15 желтоқсан № 207].

Республикадағы музейлердің ең көп саны Шымкент қаласы мен Түркістан облысында - 28, Алматы облысында - 26, Қарағанды облысында - 22, Ақтөбе облысында - 20, Атырау облысында - 17 музей орналасқан [Қозғамбаева, 2013: 5]. Бұл музейлер халыққа қызмет етуде.

Осы орайда музейде өтетін сабақтардың басты мақсаты – оқу материалдарын музейдегі бай қорды пайдалана отырып, білім алушылардың білімін тереңдету. Музейдегі сабақтарға білім алушының қызығушылығын арттыруда оның міндеттері төмендегідей жоспарлануы тиіс:

- тарихи және мәдени ескерткіштермен таныса отырып, тарихи дәуірлердің өзара байланысын, сол кезеңге және басқа мәдениетке байланысты түсінігін қалыптастыру;
- музей, ескерткіштермен тұрақты қарым-қатынас жасау қажеттілігі мен дағдыларын қалыптастыру;
- эстетикалық пайымдау және музей жәдігерлеріне ұқыптылықпен қарау қабілеттерін дамыту;
- басқа мәдениеттерге құрметпен қарауды, тарихи және мәдени құндылықтар жүйесін түсіну және қабылдай білу дағдыларын қалыптастыру;
- қосымша материалдарды өз бетімен меңгере білу қабілетін дамыту.

Қазіргі кезеңде музейлер түрлі функцияларды атқарады, олардың бірі білім беру болып табылады. Оны жүзеге асыру үшін музейдің қорын, ғылыми, әдістемелік әлеуетін білім алушылармен бірге жұмыс істеуге арнау қажет. Осындай мүмкіндіктердің бірі –

музейде сабақ өткізу. Ол тәрбиелік және білім беру бағытында жүргізіледі. Бұл білім алушылардың белгілі бір тақырыптар бойынша білімдерін бекітуге және тереңдетуге арналған, ал музей объектісі мұнда иллюстрация ретінде ғана емес, сонымен қатар зерттеу көзі ретінде де әрекет етеді. Музей сабағы тікелей музей экспозициясы тарих пәндерінің оқу бағдарламасы негізінде білім алушылардың білімін тереңдету мақсатында өткізіледі. Оның ерекшелігі – мектептегі тәрбие міндеттерін музейдің оқу-тәрбиелік ортасында жүзеге асыруында [Ибраева, 2012].

Музей сабағы – тарихи оқиғалардың әртүрлі иллюстрациясының тамаша үлгісі. Тарих сабағын музейде өткізу нәтижесінде білім алушыларда ғылыми зерттеу жұмысын жүргізу дағдылары қалыптасады. Мұндай сабақтардың технологиясы келесі дағдыларды дамытуға бағытталған:

- зерттеудің мақсаты мен міндеттерін, оның пәнін анықтау;
- әдебиеттерді және оның жазбаларын өз бетінше іздеу;
- ақпаратты талдау және жүйелеу;
- зерттелген дереккөздерге түсініктеме беру;
- материалды жіктеу, болжам жасау, соған сәйкес практикалық зерттеу жүргізу;
- зерттеу нәтижелерін сипаттау, қорытындылар мен жалпылаулар жасау.

Музейдегі сабақтарда білім алушылар пән мазмұнына сәйкес тарихи материалды музей экспонаттары негізінде зерттеу, талдау, бағалау, жіктеу арқылы тарихи ойлау мен бақылауға қол жеткізе алады. Олар музейлік коммуникацияларды (танымдық, эстетикалық, символдық, диалогтық, пәнаралық) қалыптастырады:

Музейде тарих сабағын өткізуде педагогке қойылатын талаптар:

-білім алушыны қоршаған заттардың тарихи-мәдени жетістіктерін көруге үйрету, оларды мәдени даму тұрғысынан бағалау;

– өткен тарихи дәуірлердің өзара байланысы мен олардың қазіргі мәдениетке араласуы туралы түсінік қалыптастыру;

– мәдениет ескерткіштерімен, музеймен қарым-қатынас жасаудың, өзара әрекеттесудің тұрақты қажеттілігі мен дағдыларын қалыптастыру;

– эстетикалық ойлау қабілеттерін дамыту;

– әлем мәдениеттеріне құрметпен қарауды, оларды түсінуді, қабылдауды қалыптастыру.

Тарих сабағын музейде өткізуге қойылатын талаптар:

– музейге білім алушыларды апаруда оның мақсатын анықтау;

– білім алушылар алдын ала дайындықты сабақ барысында сезінуі;

– экскурсияға экспонаттарды білім алушының жас ерекшеліктеріне қарай іріктеу қажет;

– музейге барудың нәтижесі балалардың өз бетінше шығармашылық қабілетін арттыруы керек (сурет салу, көргені туралы тақырыпта эссе жазу, макеттер жасау).

Музей сабақтарын өткізудегі педагогикалық технологиялар:

Музей педагогикасында әсіресе ойын технологиялары, ұжымдық шығармашылық жұмыс технологиясы, проблемалық және жеке оқыту технологиясы тиімді болып табылады. Онда жеке оқыту технологиясының нұсқаларының бірі ретінде жоба әдісін қолдануға болады.

Музей сабағын дайындаудың негізгі бағыттары:

Музей сабағын дайындау оның тақырыбын анықтаудан басталады. Тақырыпты таңдағанда және музей сабағының мақсаты мен міндеттерін анықтаған кезде сабақтың қандай аудиторияға арналғанын ескеру қажет. Бұл кезеңде жұмыс екі бағытта жүреді:



1) дереккөздер мен әдебиеттерді оқу (қажетті үзінділер жасау, библиография мен картотеканы құрастыру).

2) музей экспозициясын, қор коллекцияларын, ең алдымен, музей заттарын зерделеу (музей объектісінің ғылыми сипаттамасымен танысу).

Музейде сабақ өткізудің әдістемесі:

1. Жоспар.

2. Тақырыпты таңдау.

3. Музей сабағының мақсаты үлгілік оқу бағдарламасындағы тақырыптарды терең меңгеруге бағыттау.

Экскурсияның мақсаты:

1 патриотизмді дамыту;

2 эстетикалық тәрбие беру;

3 жәдігерлердің тарихи мәнін аша отырып, тарихи білімділікке тәрбиелеу;

4 білім алушының дүниетанымын, танымдық қызығушылықтарын арттыру.

Соңғы жылдары педагогикалық зерттеулер дәлелдегендей, мектептегі білім алушының белгілі бір пән бойынша білімін қалыптастыруда маңызды орын алатын фактордың бірі – музей сабақтары, музей экскурсиясы болып табылады. Білім алушының сабақта алған білімін бекітуде музей жәдігерлері басты рөл атқарады.

Музей сабақтарын ұйымдастырудың ережелері.

1. Тұрақтылық (логикалық байланысы болуы керек);

2. Жүйелілік (бастауыштан бастап жоғары сыныптағы білім алушылары үшін);

3. Өзара байланыс (мектепте сабақта өткенін музей жәдігерлерін көрсету арқылы алған білімдерін бекіту);

4. Қолжетімділік (жәдігерлер, жазулар, мәтіндер т.б. оқушыға түсінікті болуы тиіс);

5. Қызмет/әрекет (5-7 сыныптарының оқушыларына ойын түрінде, экскурсия, тарихи костюмдер киімдер, тарихи заттардың муляжы, интербелсенді ойын т.б. қолданса, ал 8-11 сыныптарға проблемалық мәселелер қою, ситуациялар, сұрақтар беру арқылы музей сабақтарын ұйымдастыру);

6. Кері байланыс (музей сабағы туралы білім алушыдан кері байланыс алу, әңгімелесу, тарихи деректер келтіру, фото альбомдар жасау, зерттеу жобалары);

Музей сабақтарының жоспарланған нәтижелері:

Музей – білім алушының зерттеушілік дағдыларын дамытатын орын. Өйткені, музейлер адамзат тарихында зерттеушілік, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарға қызығушылықтың дамуына, қызметтің ерекше түрі ретінде ғылымның қалыптасу процесіне байланысты пайда болды [Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Орталық музейі, 2009].

Музей қызметі білім алушыларда келесі құзыреттіліктерді дамытуға мүмкіндік береді:

зерттеушілік – тарихи ақпаратты өз бетінше таба білу; мәселені шешудің бірнеше нұсқаларын анықтау, модельдеуді, нақты және ойластырылған эксперименттерді, бақылауды қолдана білу; бастапқы дереккөздермен жұмыс; өзін-өзі бағалауды және өзін-өзі бақылауды жүзеге асыру қабілеті;

реттеушілік – мақсат қоя білу; қойылған мақсаттық шешімін таба білу; болжау қабілеті; өз қызметін зерттеу дағдылары;

коммуникативті – өзара әрекетке кірісу – диалогқа түсу, сұрақ қою; пікірталас ұйымдастыруда өз ұстанымы туралы ойын жетік айта білу; сұхбаттасу жүргізу;

баяндау – дағдылары кезіндегі сөйлеу мәнері; өз ойын толыққанды жеткізу; сөйлеу кезінде ақпараттық құралдарды пайдалана білу; қосымша сұрақтар қоя білу және оларға жауап беру қабілеті [Музейная педагогика за рубежом, 1997].

Музей сабақтарының нәтижесінде білім алушылар зерттеушілік әрекетін дамыту құралы ретінде оқу, сыныптан тыс жұмыстарда, мектеп тәжірибесінде пайдалануға болатын эсселер, шығармашылық жұмыстар, ғылыми-зерттеу және әлеуметтік жобаларды дайындайды.

Музейде өткізілетін сабақтарды оқу тақырыптары бойынша келесідей топтастыру ұсынылады:

- 1) Тарихи кезеңдер бойынша музейде жүргізілетін сабақтар;
- 2) Тұлғалар тарихы тақырыбына сәйкес ҚР әр өңірінде орналасқан тарихтағы тұлғалар музейінде жүргізілетін сабақтар;
- 3) Өлкетану материалдары негізінде жергілікті жерлердегі өлкетану музейлерінде өткізілетін сабақтар.

Тарих пәнін оқыту тиімділігін арттыруда, білім алушылардың ақыл-ойын, тарихи қабілетін дамытып жетілдіруге осы пәнге қатысты жүргізілетін тарих сабағын музейде өткізудің маңызы зор. Білім беру сапасын арттыру және теориялық білімді практикамен ұштастыру мақсатында тарих пәндерінен тақырыптық сабақтарды музейлерде және тарихи орындарда өткізу бойынша ұсынымдар Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы сайтында қолжетімді.

**Қорытынды.** Жоғарыда атап көрсетілген бағыттар бойынша жұмысты іске асыруда музей сабағының қызметі артып, адамның интеллектісі мен ой-өрісін дамыту, оның жан дүниесі мен жеке қасиеттерін, қарым-қатынастарын дамыту мазмұнында жүзеге асады. Осылайша педагог тарих пәнінен музей сабақтарын шеберлікпен түрлендіріп отырса, білім алушылардың белсенділігі мен қызығушылығы да арта түседі. Білім алушылар топтарда жұмыс істеп, ойын еркін жеткізе білуге үйренуі қажет. Сонымен қатар зерттеушілік қабілеттерін дамыту жұмыстары арқылы білім алушылардың білімі мен тарихи ойлау дағдысы дамиды. Музейлер қорындағы құнды мұраларды тарих сабақтарында пайдалану пәннің мазмұнын толықтырып, білім алушылардың ізденушілік, зерттеушілік дағдыларын дамытады. Музей жәдігерлерін тарихи шынайы дереккөз ретінде пайдалануға мүмкіндік береді.

## ӘДЕБИЕТ

*Ибраева А.Ф.* Қазақстан музейлері: тарих және тағылым. Астана, 2012.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік орталық музейі. Фотоальбом / Құраст: Әлімбаев Н., Қақабаев Б., Шалғынбай Ж., Тәтібаев М. Алматы: Өнер, 2009. 176 б.

*Қозғамбаева Г.Б.* Әзірет Сұлтан Мемлекеттік тарихи-мәдени қорық кешені және оның зерттелу тарихынан // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы, тарих сериясы. 2013. Б. 5. «Мәдени мұра» бағдарламасы. Алматы, 2004.

*Кузьмина Е.* Работа музеев с подрастающим поколением (на материалах Англии). ГБЛ: Информкультура. Вып.2. М., 1990.

«Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының 15.12.2006. № 207 Заңы [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z060000207\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z060000207_)

Музейная педагогика за рубежом. По ред. М.Ю. Юхневич. Лаборатория музейного проектирования, Российский институт культурологии. М., 1997.

Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы Қазақстан Республикасының Заңы 26.12.2019. № 288-VI ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000288>

## REFERENCES

*Ibraeva A.G.* Museum Kazakhstan: historia et educatio. Astana, 2012. (In Kazakh)

Civitatis Centralis Museum of Reipublicae Kazakhstanae. Photo album / Compilation: Alimbay. N., Kakabaev B., Shalgybay Zh., Tatibaev M. Almaty: Art, 2009. 176 p. (In Kazakh)



*Kozgambaeva G.B.* Aziret Sultan res publica historica et culturalia complexa subsidiaria eiusque historiae inquisitiones. // Bulletin of KazNU named after Al-Farabi, history. 2013. P. 5. (In Kazakh)

*Kuzmina E.* Opus musei cum aetatibus junioribus (de materiis Angliae). GBL: Informculture. Vol. 2. M., 1990. (In Russian)

Lex Reipublicae Kazakhstanae "De Cultura" datas die 15.12.2006. N. 207 [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z060000207\\_\(In\\_Kazakh\)](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z060000207_(In_Kazakh))

Museum paedagogium divulgavit. Padi ed. M. Yukhnevich. Laboratory of Museum Design, Russian Institute of Culture. M., 1997. (In Russian)

Lex Reipublicae Kazakhstanae in tutela et usu obiecti hereditatis historicae et culturalis datae die 26.12.2019 N. 288-VI KRZ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z190000288> (In Kazakh)

**Авторлар туралы мәлімет:** Архыматаева Айнұр Жақсылыққызы – PhD доктор, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы «Қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар» зертханасының меңгерушісі (Астана қ-сы, Мәңгілік ел 8). ORCID ID: 0000-0001-6030-7299. E-mail: a.arhymataeva@uba.edu.kz

Қайыпбаева Айгүл Тоқтарбайқызы – Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы «Қоғамдық-гуманитарлық бағыты пәндері» зертханасының аға ғылыми қызметкері (Астана қ-сы, Мәңгілік ел 8). E-mail: a.kaiypbaeva@uba.edu.kz

**Сведения об авторах:** Архыматаева Айнур Жаксылыковна – PhD доктор, Национальная академия образования имени И. Алтынсарина, Заведующая лабораторией «Общественно-гуманитарные науки» (г. Астана, Мәңгілік ел 8). ORCID ID: 0000-0001-6030-7299. E-mail: a.arhymataeva@uba.edu.kz

Қайыпбаева Айгүл Тоқтарбаевна – Национальная академия образования имени И. Алтынсарина, старший научный сотрудник лаборатории «Общественно-гуманитарные науки» (г. Астана, Мәңгілік ел 8). E-mail: a.kaiypbaeva@uba.edu.kz

**Information about the authors:** Ainur Zh. Arkhymatayeva – PhD of Historical Sciences – Head Laboratory of Social Sciences and Humanities National Academy of Education named after Ybyrai Altynsarin (Astana, Kazakhstan, Mangilik el 8). ORCID ID: 0000-0001-6030-7299. E-mail: a.arhymataeva@uba.edu.kz

Aigul T. Kaiypbaeva – National Academy of Education named after Ybyrai Altynsarin, Senior Researcher at the Laboratory of Social and Humanitarian Sciences (Astana, Kazakhstan, Mangilik el 8). E-mail: a.kaiypbaeva@uba.edu.kz

*Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 07.08.2024.*

*Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 14.08.2024.*

*Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 05.09.2024.*